

Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, сондай-ақ мәжбүрлі түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі 1999 жылғы 12 мамырдағы N 5 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 60-ө бұйрығымен.

"Халықтың көші-қон туралы" Қазақстан Республикасының заңын және "Көші-қон және демография жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттігі мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қаңтардағы N 8 қаулысын орындау мақсатында бұйырамын:

1. Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, сондай-ақ мәжбүр түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 1 тармағы "Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, сондай-ақ мәжбүр түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулық" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі 1998 жылғы 28 желтоқсандағы N 38 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

Төраға

Көші-қон және демография жөніндегі
Қазақстан Республикасы Агенттігінің
12 мамыр 1999 ж. N 5 бұйрығымен
бекітілді

**Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы
сондай-ақ мәжбүр түрде қоныс аударушы мәртебесін
анықтау т у р а л ы**

Нұсқаулық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатымен қабылданды, сондай-ақ оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібін және шарттарын айқындайды.

2. Осы Нұсқаулық күші Қазақстан Республикасына ерікті түрде қоныс аударушы шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ мәжбүрлік қоныс аударушыларға жүреді.

2 тарау. Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы сондай-ақ мәжбүрлік қоныс аударушы мәртебесін беру шарттары

3. Осы Нұсқаулықта төмендегі ұғымдар мен терминдер қолданады:

- 1) о р а л м а н (р е п а т р и а н т)
- 2) р е э м и г р а н т
- 3) қ о н ы с а у д а р у ш ы
- 4) м ә ж б ү р л і к қ о н ы с а у д а р у ш ы .

4. Оралман (репатриант) мәртебесі жаппай саяси жазалау құрбандары болып табылатын жергілікті ұлт өкілдеріне, сондай-ақ олардың ұрпақтарына беріледі.

Оралман (репатриант) мәртебесін беруді сұрайтын адамдар өкілетті көші-қон органының аймақтық қызмет орындарына мына құжаттарды тапсыруға міндетті:

Оралман (репатриант) мәртебесін беру туралы өтініш.

Өтініш беруші мен онымен бірге қоныс аударған отбасы мүшелерінің жеке бастарын куәландыратын құжаттар (төлқұжаттар, жеке куәліктер, туылуы туралы куәліктер, неке туралы куәліктер және басқалар).

Ата-аналарының Қазақстан шекарасынан тысқары жерде туылған мерзімін құжатпен растау немесе жазалау жылдары Қазақстан аумағынан эмиграцияға кеткендігін растайтын куәлердің көрсетулері немесе басқа құжаттар (мемлекеттік компетенті органдарының елден шығу құжаттары немесе Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерінің құжаттары).

5. Мәжбүрлі қоныс аударушы мәртебесі өзінің тұрақты тұратын жерінен өзіне және оның отбасы мүшелеріне саяси, ұлттық, діни және басқа себептермен жасалған күш көрсету салдарынан кетіп қалуға мәжбүр болған Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылатын және басқа мелекет аумағында тұратын адамдарға беріледі.

Мәжбүрлі қоныс аударушы мәртебесін сұраған адамдар өкілетті көші-қон органының аймақтық қызмет органдарына мына құжаттарды тапсыруға міндетті:

Мәжбүрлі қоныс аударушы мәртебесін беру туралы өтініш.

Өтініш беруші мен отбасы мүшелерінің жеке бастарын куәландыратын құжаттар (төлқұжаттар, жеке куәліктер, туылуы туралы куәліктер, неке туралы куәліктер және басқалар).

Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдігінің тиісті растайтын құжаттары немесе тұрған елі аумағында оған және оның отбасы мүшелеріне қарсы антиимандық саяси әрекеттер жасалғанын растайтын куәлер

к ө р с е т і л і м д е р і .

6. Қоныс аударушы мәртебесі басқа мемлекет аумағында өзінің уақытша немесе тұрақты тұратын орынын ерікті түрде тастап кеткен және Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңының 1 бабында айқындалған мақсатпен келген шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Қоныс аударушы мәртебесін беру туралы өтініш берген адамдар оралман (репатриант) мәртебесін беруді сұрайтын адамдар өкілетті көші-қон органының мына құжаттарды тапсыруға міндетті:

Өтініш беруші мен отбасы мүшелерінің жеке бастарын растайтын құжаттар (төлқұжаттар, жеке куәліктер, туылуы туралы куәліктер, неке туралы куәліктер және басқалар) .

Қоныс аударушы мәртебесін беру туралы өтініш.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасына келу мақсатына байланысты мына құжаттар беріледі:

Қазақстан Республикасы аумағында туылғаны немесе бұдан бұрын тұрғанын растайтын құжат ;

Қазақстан Республикасы аумағында тікелей туыстарының тұратынын растайтын құжаттар, өтініш берушінің Қазақстан Республикасына көшіп келуіне олардың жазбаша келісімі ;

Бас бостандығынан айырған орындардан босатқаны туралы анықтама (егер сотталған адам қылмыс жасағанға дейін Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрған болса) .

7. Реэмигрант мәртебесі эмиграциядан Қазақстан Республикасына ерікті түрде қайтып оралған адамдарға, егер олар Қазақстан Республикасында туылған болса , беріледі .

Реэмигрант мәртебесін беруді өтінген адамдар өкілетті көші-қон органының аймақтық қызмет орындарына мына құжаттарды тапсыруға міндетті:

Өтініш беруші мен отбасы мүшелерінің жеке бастарын растайтын құжаттар (төлқұжаттар, жеке куәліктер, туылуы туралы куәліктер, неке туралы куәліктер және басқалар) .

Реэмигрант мәртебесін беру туралы өтініш.

3 тарау. Көшіп келушілер (иммигрант) ретінде тану туралы өтініштерді қарау тәртібі

8. Оралман (репатриант), реэмигрант, немесе мәжбүрлі қоныс аударушы деп тану үшін жеке адам тікелей өзі Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдігіне және консулдық мекемесіне немесе көші-қон және демография жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігіне (бұдан әрі өкілетті орын) тікелей Қазақстан Республикасына көшіп келу және көшіп келуші (

иммигрант) мәртебесін алу туралы өтініш жасау керек.

Өтініш беруші адам және отбасы мүшелері Қазақстан Республикасы аумағында тұрған жағдайда өтініш өкілетті органның аймақтық қызмет орнына б е р і л е д і .

9. Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы сондай-ақ мәжбүрлі түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау процедурасы аталған құжаттардан бас қа м ы н а л а р д ы е с к е р е д і :

Бекітілген үлгімен анкета толтыру;

Анкетада көрсетілген мәліметтердің шындығын тексеру (бағалау) мақсатымен өтніш берушілермен әңгіме өткізу;

Өтініш берушіні оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы сондай-ақ мәжбүрлі қоныс аударушы деп тану немесе мәртебе беруден дәлелді түрде бас тарту туралы шешім қабылдайды.

10. Аймақтық орган оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы сондай-ақ мәжбүрлі қоныс аударушы деп тану туралы шешімді қажет құжаттар тапсырылғаннан кейін бес күн ішінде қабылдайды.

11. Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы сондай-ақ мәжбүрлі қоныс аударушы деп тану туралы шешім осы анықтамалық негізінде өкілетті органның тиісті аймақтық қызмет орындарымен құжаттар тіркелгеннен кейінгі от ы з кү н і ш і н д е қа б ы л д а н а д ы .

12. Белгіленген тәртіппен оралман (репатриант) деп танылған адамдарға куәлік беріледі, ал реэмигранттарға, қоныс аударушыларға, мәжбүрлі қоныс аударушыларға немесе көшіп келушілерге (иммигранттарға) ішкі істер органдарында тіркелу және Қазақстан Республикасының ықтиярхат (вид на жительство) алу үшін белгіленген үлгімен анықтама беріледі.

13. Иммигрант ретінде танудан бас тартқан жағдайда өтініш білдірушіге шешім қабылданғаннан бастап он күн ішінде шешімнің көшірмесі түрімен жазбаша хабарлама тапсырылады. Егер өтініш білдіруші Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары жақта жүрген болса, онда оған шешімнің көшірмесі Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелері арқылы жіберіледі, онда кері қағу себептері көрсетіледі және қабылданған шешімді жоғары тұрған өкілетті органда немесе сот жолымен жазбаша шешімді алғаннан кейінгі бір ай ішінде шағымданып қа й та қ а р а у р е т і а й т ы л а д ы .

14. Өтініш берушіні және оның отбасы мүшелерін иммигрант ретінде танудан бас тарту туралы шешім Ішкі Істер органдарына оны Қазақстан Республикасы аумағынан соңғы тұрған еліне жіберуді (депортация) ұйымдастыру үшін жолданады.

**4. Қазақстан Республикасы аумағындағы
оралмандар (репатрианттар), реэмигранттар, қоныс
аударушылар сондай-ақ мәжбүр түрде аударушылар
құқықтары**

15. Оралман (репатриант), қоныс аударушы мәртебесі бар адамдар өздерінің бұрын тұрған еліне қайта оралуға қақылы.

16. Мәжбүрлі қоныс аударушы мәртебесі барлар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қон туралы" Заңында көрсетілген негіздерге байланысты олар тастап кеткен елдің аумағына өз ықтиярларынсыз қайтарыла алмайды.

17. Оралман (репатриант) мәртебесін алғандар мемлекет тарапынан Заңда көзделген жеңілдіктер, жәрдемпұлдар және басқа да атаулы жәрдемдер түрлерін пайдалануға құқылы.

18. Оралман (репатриант), қоныс аударушы және реэмигрант мәртебесін алғандар барлық құқықтар мен еркіндіктерді пайдаланады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясында, Заңдарда және халықаралық келісім-шарттарда көзделген барлық міндеттерді, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық праволық актілерінде белгіленген алып тастаулардан өзгесін орындауды мойнына алады.

**Қазақстан Республикасына
көшіп келуші деп тану туралы
Өтініш**

Кімге _____

Кімнен _____

А т ы - ж ө н і

Азаматтығы _____

қ а й м е м л е к е т т і ң

уақытша тұратын мекен-жайы _____

Жанұя құрамы _____ адам

Аты-жөні

Туған жылы,
айы, күні

Туыстық
қ а т ы н а с ы

Тұратын жерімді тастауға мәжбүр болған себептер : _____

Мені және менің жанұя мүшелерімді Қазақстан Республикасы репатриант оралман, реэмигрант, қоныс аударушы, мәжбүрлі қоныс аударушы (қажеттісін сызу керек) мәртебесін беруіңізді сұраймын.

Өтініш білдірушінің қолы _____

Көші-қон және демография басқармасының
Шешімі

N _____ " ____ " _____ 199__ ж.

Көші-қон және демография басқармасы _____

(а т ы - ж ө н і)

көшіп келуші (оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, мәжбүрлі қоныс аударушы) деп тану туралы өтінішін қарай отырып, "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан республикасының Заңына сәйкес

(а т ы - ж ө н і)

деп тану жөнінде шешім қабылдады.

Ескертпе. Егер адамды көшіп келуші иммигрант деп танудан бас тартса немесе көшіп келуші мәртебесін жойса шешімді алғаннан кейін 30 күн мерзімінде Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес сот арқылы жоғарғы өкілетті органға шағымдануға болады.

К ө ш і - қ о н ж әне д е м о г р а ф и я

басқармасының бастығы _____

Қазақстан Республикасына
көшіп келуші деп тану туралы
өтініш білдірушінің

Анкетасы N _____

1. Аты, жөні, фамилиясы _____

2. Туған жылы, айы, күні _____

3. Туған жері _____

4. Азаматтығы _____

5. Ұлты _____

6. Жеке басын куәландыратын төлқұжаты немесе басқадай құжаттары
(аты, сериясы, номері, қашан және кім берген)

7. Жанұялық жағдайы _____

8. Жанұя құрамы _____ адам

9. Менімен бірге қоныс аударған отбасы мүшелері туралы
д е р е к т е р :

Аты-жөні	Туған жылы,	Жеке басын	Ұлты	Азаматтығы
		айы, күні		куәландыратын
				құжаттардың сериясы
				және берілген
				уақыты. Қуаттылық
				м е р з і м і

10. Тұратын мекен-жайы _____

11. Көрсетілген мекен-жайға жанұяның барлық мүшелері тұра ма?
Егер "жоқ" болса жанұя мүшелерінен кімдер, қайда, қандай
мекен-жайда тұратындығын көрсетіңіз.

12. Сіздің жанұяңыздағы 18 жасқа толғандарының төлқұжаттары
бар ма? (Бар, жоқ) Егер "жоқ" болса кімнің не себепті төлқұжаты
жоқ екендігін көрсетіңіз

13. Сіз және сіздің жанұяңыз қандай мемлекеттен қашан
к е л д і ң і з ?
(Толық жазыңыз) _____

14. Егер сіз, азаматы болып табылмайтын мемлекеттен келген
болсаңыз, онда сізге және сіздің жанұяңызға қоныс аударушы
мәртебесін беру туралы өтініш білдірдіңіз бе? _____

15. Сіз және жанұя мүшелеріңіз қандай тілдерді меңгерген

16. Сіз және жанұя мүшелеріңізде мүгедектер бар ма? Егер "бар"
болса кім және қандай топтағы мүгедек _____

17. Сіз және Сіздің жанұя мүшелеріңіз көшіп кеткен мемлекетіңізде кезекті немесе шарт бойынша әскери қызметте болды ма? Егер "иә", кім, қашан әскери қызмет атқарды.

18. Сіз және Сіздің жанұя мүшелеріңіз қылмыстық жауапкершілікке тартылды ма? (Иә, жоқ) Егер "иә", кім, қашан, қанша мерзімге

19. Сіздің жанұяңыздың Қазақстан Республикасынла туыс-туғандары бар ма? (Иә, жоқ) Егер "иә" қандай туыстығы бар және қайда тұратындығын көрсетіңіз

20. Отырықтануға бағытталған мекеніңіз (қала, облыс, аудан, елді-мекен анық көрсетіңіз)

21. Жанұя мүшелерінің білім деңгейі және кәсіби мамандықтарын көрсетіңіз

22. Сіздің өз еліңізге қайта оралғыңыз келе ме? Егер "иә", қалай барғыңыз келеді

23. Сізде және сіздің жанұя мүшелеріңізде дәрігерлік мекемелер қандай созылмалы аурулардың бар екендігін анықтады.

24. Сіздің балаларыңызға қашан, қандай сақтандыру екпелері ж а с а л д ы .

25. Сіз және Сіздің жанұя мүшелеріңіз Қазақстан Республикасында болған ба? (Иә, жоқ) егер "иә" қашан, қандай мақсаттармен болғанын көрсетіңіз

26. Сіздің қажетті деп білдіргіңіз келетін қосымша түсініктеріңіз болса көрсетіңіз

" " 199

Анкета " _____ " _____ 199 __ ж. Берілді

Анкетаны қабылдаған мекеме _____

Өтініш білдірушінің берген деректерінің ақиқаттығы жайлы берілетін баға _____

Анкетаны қабылдаушының қызметі және аты-жөні _____

" _____ " _____ 199 __ ж. _____

(қолы)

**Қазақстан Республикасы аумағында көшіп келуші
(иммигрант) деп тануға өтініш білдіруші адамдарды тіркеу
Журналы**

Аты- жөні			Туған Азамат. жылы тығы		Жанұя құрамы		Шешімнің және		Шешімді немесе		Қайтадан Есептен Ескерт. есепке шығары. пелер	
және					қабылдан		куәлікті алған		алынған луы			
жері					ған		алған		уақыты			
					мерзімі		уақыты,					
			қолы									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10			